

АЛТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№8 (122) 13 ақпан 2026 жыл

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ӨТКЕНГЕ БАҒА, БОЛАШАҚҚА БАҒДАР

2026 жылғы 06 ақпан күні Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер ұйымының кезекті ІХ есеп беру-сайлау конференциясы өтті. Конференцияға Еңбекшіқазақ ауданының әкімі Т. Байеделов, аудандық мәслихаттың төрағасы Б.Ахметов, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Е. Тұрымбетов, аудан әкімдігі бөлімдерінің жетекшілері, аудандық мәслихат депутаттары, Есік қаласы мен ауылдық округ әкімдері, қоғамдық ұйым өкілдері және ішкі саясат саласының мамандары қатысты. Конференцияға барлығы 180 адам жиналды.

Конференцияны аудандық мәслихаттың төрағасы Б. Ахметов ашып, ардагерлер ұйымының есеп беру және қайта сайлау конференциясының маңыздылығына тоқталды. Ол өз сөзінде ардагерлер қозғалысының қоғамдағы рөлін, ұрпақтар сабақтастығын нығайтудағы, жастарға тәлім-тәрбие берудегі және қоғамдық келісімді сақтаудағы сүбелі үлесін атап өтті.

дық және мәдени іс-шараларды ұйымдастыру, патриоттық-тәрбиелік бағыттағы жұмыстар, жастармен өзара байланыс, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен серіктестік аясында атқарылған жұмыстар қамтылды. Конференция қатысушылары есепке оң баға берді. Екінші, үшінші, төртінші мәселелер де көпшіліктің талқысына салынып, тиісті шешім қабылданды.

йтойлық медальдармен марапатталған. ҚР –ның құрметті байланысшысы. Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы

Жаңа сайланған төраға көрсетілген сенім үшін алғыс білдіріп, алдағы кезеңге арналған жұмыс бағыттарына тоқталды. Сондай-ақ төрағаның орынбасарлары ретінде Есік өңірі бойынша – Ақаев Мұрат Тілепбердіұлы, Шелек өңірі бой-



Осы аптаның алғашқы күні Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының есеп беру және қайта сайлау конференциясы мәдениет үйінде өтті. Конференция жұмысына облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сүгіров, қала әкімі аппаратының басшысы Рахман Қуанышұлы, қалалық мәслихат аппаратының басшысы Асхат Қанатұлы қатысты.

Төраға қайта сайланды



Күн тәртібі бойынша мәселе қаралды. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қалалық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ізтілеу Тойшыбайұлы 2025 жылы атқарылған жұмыстарға жеке-жеке тоқталып, ардагерлердің қаланың қоғамдық-әлеуметтік өміріне белсене араласып, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, патриоттық құндылықтарды дәріптеу, мәдени іс-шараларға қолдау көрсету бағытында атқарған тыңғылықты жұмыстарына алғыс сезімін білдірді.

“Сіздердің өмірлік жолдарыңыз, елге сіңірген адал қызметтеріңіз, азаматтық ұстанымдарыңыз-өскелең ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Сіздер қоғамның тірегі, ел тарихының куәгерісіздер және рухани мұраны сақтаушыларысыздар”, - деді жасаған баяндамасында.

Жарыссөзге шыққан қалалық аналар кеңесінің төрағасы Дәмекен Нүсіпбекова, Шеңгелді аймағының ардагерлер ұйымының мүшесі Жетпісбай Мырзаханов, қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесі Орынбай Тойлыбеков жасалған баяндамада атап өтілген жұмыстар-



дың бел ортасында жүріп, іс-шаралардың куәсі болғандарын айта келіп, қалалық ардагерлер ұйымының жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Екінші мәселеде тексеру комиссиясының төрағасы Роза Кимнің есебі тыңдалып, бекітілді. Күн тәртібінің келесі мәселелері бойынша ардагерлер ұйымының пленум құрамына 35 адам, президиум мүшелерінің құрамына 4 адам сайланды. Сондай-ақ тексеру комиссиясының жаңа мүшелері мен облыстық ұйымының конференциясына қаладан 10 делегат сайланды.

Облыстық Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Ілияс Сейітбекұлы қалалық ардагерлер ұйымының төрағалығына Базарбай Оралбаевтың кандидатурасын ұсынды. Президиум мүшелері ұсынысты қолдап, Базарбай Бүркітбайұлы Қонаев қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы болып қайта сайланды.

Конференция соңы Шеңгелді ауылының “Асыл әжелер” ансамблі мен өнерпаздарының концертіне ұласты.

Заңғар АЛТАЙ.



Сондай-ақ конференцияның негізгі мақсаты өткен кезеңдегі атқарылған жұмыстарға баға беру, алдағы міндеттерді айқындау және ұйымның басқару құрылымын жаңарту екендігін жеткізді.

Конференцияның күн тәртібіне Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Т. Ұзақовтың есеп беру-сайлау аралығындағы атқарған жұмысы туралы есебі, аудандық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының есебі, аудандық ардагерлер ұйымының пленум (кеңес) мүшелерін сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының президиум мүшелерін сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарларын сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясы мүшелерін сайлау және Алматы облыстық ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайлау мәселелері енгізілді:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Т. Ұзақов 2021–2025 жылдар аралығында атқарылған жұмыстар туралы жан-жақты есептік баяндама жасады. Баяндамада ардагерлердің әлеуметтік мәселелерін шешу, қоғам-

Бесінші, негізгі мәселе бойынша Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Е. Тұрымбетов сөз сөйлеп, Т.Ұзақовтың жұмыстан босату туралы арызына байланысты Еңбекшіқазақ аудандық ардагерлер ұйымының төрағалығына Жұман Сембайұлы Мықыбаевты ұсынды. Ұсынылған кандидатура конференция делегаттарының бірауыздан қолдауымен қабылданып, Ж. Мықыбаев аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы болып сайланды.

Жұман Сембайұлы 1959 жылы дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Алматы электр-техникалық техникумын бітірген. Одан соң Ташкент электр-байланыс, Алматы энергетика-байланыс институттарында инженер, экономист-менеджмент мамандықтары бойынша жоғары білім алған.

Ұзақ жыл Шелек байланыс торабында жұмыс істеп, қатардағы электр-механиктен цех бастығы қызметіне көтерілген. Алақөл, Еңбекшіқазақ аудандық байланыс тораптарында директор болды. 10 жыл Балтабай ауылдық округінің әкімі болып, сол жерден құрметті зейнетке шықты. Бірнеше мере-

ынша – Айтақынов Әбілбек кандидатуралары ұсынылып, бірауыздан бекітілді.

Жарыссөз барысында С.Спатаев, А.Бақтыбаев, Б.Әшімов, Е.Байбориев сөз сөйлеп, аудандық ардагерлер ұйымының және тексеру комиссиясының жұмысына оң баға беріп, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс істеуге дайын екендіктерін білдірді.

Қорытынды сөз сөйлеген аудан әкімі Т. Байеделов ардагерлердің ауданның әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі орны ерекше екенін атап өтіп, атқарушы билік тарапынан көрсетілетін қолдау алдағы уақытта да жалғасатынын жеткізді. Сонымен қатар аудан көлемінде жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталып, ел дамуы жолындағы бастамаларда ардагерлердің ақыл-кеңесі мен қолдауы маңызды екенін айтты.

Конференция қорытындысы бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Т. Ұзақовтың атқарған жұмысына қанағаттанарлық баға беріліп, Алматы облысының «Құрметті Ардагері» төсбелгісімен марапатталды. Төсбелгіні Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Е. Тұрымбетов салтанатты түрде табыстады. Аудан әкімі Т. Байеделов тарапынан құттықтау Грамотасы және сыйлықтар табысталды.

Есеп беру-сайлау конференциясы ардагерлер ұйымының алдағы кезеңдегі жұмыс басымдықтарын айқындап, ұйым қызметінің жүйелі әрі нәтижелі жүргізілуіне серпін берді.

Ж.МЫҚЫБАЕВ,
«Ардагерлер ұйымы»
Еңбекшіқазақ
аудандық филиалының
төрағасы.



БАСПАСОЗ-2026

«АЛТАУ АРДАГЕРІ»

газетіне 2026 жылға жазылу өлі де жалғасып жатыр.

Қосымша индекс **66472.**

«Қазпочтаның» аудандық бөлімшесері арқылы жазылуға болады.

ЕСЕП БЕРУ-САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Жұмысқа оң баға берілді

Жамбыл ауданында ардагерлер ұйымының есеп беру және сайлау конференциясы өтті.

Маңызды жиынға Жамбыл ауданының әкімі Нұрлан Ертас, Алматы облысы ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат



Тұрымбетов, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Бағдат Әлиев, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебаев, ақсақалдар ұйымының мүшелері, сондай-ақ ауылдық округ әкімдері қатысты.

Конференция күн тәртібінде Жамбыл ауданы ардагерлер ұйымының есептік баяндамасын тыңдау, тексеру комиссиясының есебі, ардагерлер ұйымына пленум құрамын сайлау, президум мүшелерін

сайлау, ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, сонымен қатар Алматы облысы ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайлау секілді мәселелер қаралды.

Конференция барысындағы бірінші мәселе бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Батырхан Мендебаев ұйымның қоғамдағы маңыздылығына тоқталып, өткен мерзім ішінде атқарылған жұмыстардың қорытындысын баяндады.

Конференцияда сол сияқты аудандық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының есебі тыңдалып, ардагерлер ұйымына пленум құрамы мен президум мүшелері сайланды. Ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлады. Сонымен қатар Алматы облысы ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайланды.

Жиында Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, кәсіподақ ұйымының төрағасы Әскербек Абаев сөз сөйлеп, Жамбыл ауданының ақсақалдар ұйымының тарихына тоқталып, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Сонымен қатар аудан әкімі Нұрлан Ертасұлы сөз алып, ақсақалдардың қоғамдағы рөлі, ел бірлігі мен ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы туралы кеңінен әңгіме айтты.

Жиын қорытындысында алдағы кезеңге арналған міндеттер айқындалып, ардагерлер ұйымының жұмысын одан әрі жандандыру бағыттары белгіленді.

Өз тілшімізден.
Жамбыл ауданы.



Ардагерлердің орны ерекше

2026 жылғы 4 ақпанда Іле ауданының мәдениет үйінде Іле ауданы ардагерлер ұйымының кезекті VI конференциясы өтті.

Конференция аясында бастауыш ардагерлер ұйымының төрағалары мен «Асыл ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымдарының ұйымдастыруымен мазмұнды көрме қойылып, шараға жиналған қонақтар мен делегаттар көрмені зор қызығушылықпен тамашалады. Конференцияға төрағалық еткен Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы Әмзе Әлдибекұлы Исаев күн тәртібіне енгізілген бес мәселені конференция қатысушыларына таныстырып, жиынның жүйелі әрі нақты

өтуіне жетекшілік етті.

Конференция президиумында Ардагерлер ұйымы РҚБ Алматы облыстық филиалының төрағасы Тұрымбетов Ерболат Сапарұлы, Іле ауданы әкімінің орынбасары Садықов Асқар Жұмақанұлы, аудандық мәслихат төрағасы Кәрібаев Мұхит Бақытұлы, А. Токпанов ауылдық округінің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Жамілов Мэлс отырды.

Күн тәртібінде Іле ауданы ардагерлер ұйымы төрағасының есептік баяндамасын

тыңдау, пленум құрамын және президиум мүшелерін сайлау, Іле ауданы ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау және облыстық конференцияға делегаттар сайлау секілді мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсынылған кандидаттар делегаттардың бірауыздан қолдауымен сайланып, мақұлданды. Қатысушылардың бірауыздан дауыс беруімен Іле аудандық ардагерлер ұйымының төрағалығына Әмзе Әлдибекұлы Исаев, төрағаның орынбасарлығына Бағдат Бейсенбекқызы Байпақбаева сайланды.

Конференция барысында Ардагерлер ұйымы РҚБ Алматы облыстық филиалының төрағасы Ерболат Сапарұлы сөз сөйлеп, ардагерлер ұйымының қоғамдағы рөлі мен алдағы міндеттеріне тоқталды.

Өз кезегінде Іле ауданы әкімінің орынбасары Асқар Жұмақанұлы ардагерлердің ауданның әлеуметтік - қоғамдық өміріндегі орны ерекше екендігін атап өтіп, жергілікті атқарушы билік тарапынан көрсетілетін қолдау жалғаса беретінін жеткізді. Мәслихат төрағасы Мұхит Бақытұлы ардагерлер ұйымының бастамаларына, атқарған жұмыстарына оң бағасын берді.

Конференция жұмысы қорытындыланып, шара соңы мазмұнды концертке ұласты.

Өз тілшімізден.
Іле ауданы.

РИЗАШЫЛЫҚТАРЫН БІЛДІРДІ

Қоғамдық өмірімізде сан-салалы ірілендірілген іргелі ұйымдар мен кіші-гірім шағын мекемелерге дейін жетіп артылады. Солардың қай-қайсысының болмасын өзіндік реттілігі мен тәртібі бар. Заңдылықтары да әрқалай. Алайда, олар белгіленген заңдылықтарына сәйкес жыл немесе жылдар аралатып атқарылған жұмыстарына байланысты тиісті түрде қалың қауым алдында есеп - беру сайлау жиынын өткізіп отыруы қалыптасқан дәстүрге айналған.

Өткен аптада аудандық әкімдіктің мәжіліс залында Қарасай ауданы ардагерлер ұйымының кезекті есеп-беру сайлау конференциясы болып өтті. Аталған конференцияға Алматы облысы ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Лияс Сейітбекұлы Сүгіров пен аудан әкімінің аппарат басшысы Данияр Ерлікұлы Мантаев және ардагерлер ұйымдарынан сайланған 77 депутат, сол сияқты ардагерлер ұйымдарының төрағалары, аудандық «Асыл ана» ұйымының төрайымдары мен мүшелері, «Алатау жастары» ұйымының мүшелері мен аудандық мәслихат депутаттары, аудандық қоғамдық келісімнің мүшелері, тағы басқа шақырылған қонақтар қатынасты.

Күн тәртібінде аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Мәсімақыновтың есебі мен тексеру комиссиясының есебін тыңдау, оны бекіту, аудан ардагерлер ұйымының пленум құрамын және президиум мүшелерін сайлау, ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, Алматы облыстық ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайлау мәселелері қойылды.

Сөйтіп, аудан ардагерлері ұйымының бес жыл ішіндегі атқарған жұмыстарын байыппен баяндаған төрағасы Сағат Ұлтаракұлы маңызы бар мәселелердің бәріне жан-жақты тоқталуды мақсат етіп, егжей-тегжейлі сөз етуге күш салыпты. Оның айтуынша, бүгінгі күні ауданда 1 қалалық, 10 ауылдық ардагерлер ұйымы, 55 бастауыш ардагерлер ұйымдары жұмыс жасайды екен. Сол сияқты ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі және «Алатау жастары» ұйымы-Отанға сүйіспеншілік тұрғысынан алғы шептен көрініп жүрген ұйымдар.

Сағат Ұлтаракұлы әр жылдары істелген жұмыстардың бұдан басқа да игіліктерін абыроймен атқара білгендерін айтып, қатынасушылардың көңілін тағы да бір көкке көтеріп тастады. Мәселен, аудандық ардагерлер ұйымында ең жоқ дегенде 15-тің ар жақ, бер жағында арнайы отырыстар өтіп тұрады. Мұның өлшемін 2025 жылға сәйкес келетінін келтіретін болсақ, қателесе қоймаймыз. Енді соларға шетінен тоқталып өтейік. Осы жылдың басында ҰОС-нан қайтпай қалған



және соғыстан аман-есен келіп, дүниеден өткен ардагерлерге арналған ескерткіштерді күту, жөндеу жұмыстарының жүргізілуі. Жібек жолы ауылдық округі әкімдігі мен ардагерлер ұйымының ел ішінде тұрақтылық пен бірлікті насихат пен үгіт жұмыстары арқылы жандандыру. ҰОС-ның жесірлеріне, тыл еңбеккерлеріне Іргелі ауылдық округі мен Қаскелең қаласы әкімдігінің қайырымдылық жұмыстар туралы. Жастардың діни экстремизм мен терроризмге және дінге деген ой-саналарын дұрыс қалыптастыру. Осылардың ойдағыдай іске асырылғандығы ардагерлер көңілін жайландыра түсті.

Сағат Ұлтаракұлы ауданның ау-

мағында 30-ден астам ұлттың қоныстанып отырғанын айта келіп, кейбір жағдайларда олардың арасында өзара келіспеушілік болмай қалмайтынын да жасыра алмады. Сондай кездерде ұйым төрағалары бас көтеріп, «алдына келсе, атаның құнын кеш», «бас жарылса бөрік ішінде, қол сынса жең ішінде» деген қанатты қағидаларды желеу етіп, екі жақты айқай-шусыз келісімге келтіріп, ынтымақ пен бірлікке шақырып, бітістіретін. Соның нәтижесінде мұндай өрескелдіктерге жол берілмейтін болған. Бұл бағытта Жібек жолы, Жамбыл, Райымбек ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары көпке үлгі көрсетіп жүргенін айта кетуіміз керек. Аталған ұйымдар нендей жағдайдың болмасын жайына белсене араласып, алдын ала біледі.

ұйымының төрағасы Бақытжан Әлменбетовтің аумақтарындағы мектептермен, колледждермен тығыз байланыс орнатып, жанды жұмыстар жасап жатқанын айырықша құрметпен атап өтті.

Баяндамашы Сағат Ұлтаракұлы өткен жылғы ақыл-ойдың алыбы Абайдың 180 жылдық мерейтойын да назарынан тыс қалдырмапты. Ақынның әруағы мен рухы үшін аудан көлемінде ардагерлер ұйымдары көптеген іс-шараларды Абайдың осы төл мерекесіне арнап өткізген. Оны айта берсек, ұзақ әңгімеге созылып кетеді. Ақын мерейтойында Елтай ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Есенгелді Сәлібеков пен «Асыл ана» ұйымының төрайымы Құлпан Исабаева екеуі Мұхтар Әуезовтың әйгілі «Абай жолы» романынан үзінді алып, оны «Абайдың ұрын баруы» деген атпен сахнаға шығаруы көрермен қауымды таң-тамаша қалдырды. Сондай-ақ, Іргелі ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Егінбек Егеубеков Семейде өткен Абай тойына 6 ардагерді апарып, олардың барлығын өз мойнына алып, тойдан фотоальбомдар әкеліп, ауыл ардагерлеріне ескерткіш ретінде сыйға тартқан. Оның бұл жақсылығын аудан да жақсы біледі.

Екі бірдей ардақты ана Алматы облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетовтың қолынан «Алматы облысының Құрметті ардагері» медалін алып қайтты. Бұл аналар кімдер дейсіздер ғой. Ендеше сол кісілерді таныстырып өтейік. Соның біріншісі осы аудандық ардагерлер ұйымы құрылғаннан бері табан аудармай тұрақты түрде жұмыс істеп келе жатқан Гүлжан Тілеуқызы болса, екіншісі Елтай ауылдық әжелер хорын ұйымдастырып, сол хордың өнерімен облыста ғана жүлделі орынды иеленіп қоймай, Қырғызстан республикасындағы байқауда бас жүлдені иеленіп, Түркияның Бстамбұл қаласына жолдама алған, өнер десе ішкен асын жерге қоятын өнерпаз апайымыз Замангүл Ұзақованың елеулі еңбегі ерекше-ақ.

Осы жерде Сағат Мәсімақынов

ардагерлер ұйымында ұзақ жылдардан бері жемісті еңбек еткен, өздерінің төрағалық міндеттерін мінсіз атқарған Қалида Қошықұлов, Салиха Сарықызы, Елтай Қасенов, Базаркелді Анисов, Амангелді Толымбетовтер-адам баласы үшін нағыз үлгі алатын ақсақалдар. Бүгінгі күні бұл кісілердің алды тоқсаннан асса, арты сексан жастан асып барады. Аталған адамдар былтырдан бері ғана төрағалық жұмыстарын өз еріктерімен қойғандығын айтып өтті.

Өткен жылдың жаз айынан бері Ұмтыл ауылынан «Мерей» атты «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» ашылып, 121 аталарымыз бен апаларымызды қамқорлықтарына алып, қалтқысыз қызметтерін көрсетіп келеді. Осындай орталық Шамалған ауылынан да ашылып, қарттар жағына өз қамқорлықтарын көрсетіп, көңілдерінен шығуда. Бүгінгі күні бұл орталықтарға ардагерлер көптеп баруда. Аталған орталықтар аттары айтып тұрғандай жастары келіп қалған аталар мен апаларға өте тиімді.

Бірінші болып жарыс сөзге шыққан аудандық «Асыл ана» ұйымының төрайымы Ұлтай Бархинова, Іргелі және Елтай ауылдық ардагерлер ұйымдарының төрағалары Егінбек Егеубеков, Есенгелді Сәлібеков баяндаманың бастан аяқ атқарылған жұмыстардың ауқымымен бағаланатынын айта келіп, өзінің ешқандай да сын айта алмайтынын көпшілікке көлденең тартып, дұрыс деген лайықты бағасын берді. Кезегімен сөз алған бұдан кейінгілер де Сағат Ұлтаракұлының атқарған жұмыстарын абыройлы іс деп айта отырып, оған деген қанағаттанарлық бағаларын берді. Сол сияқты соңынан сөз алған облыстық ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Лияс Сейітбекұлы Сүгіров «баяндамаға қатынасушылардың қатты риза болғаны, бұл нәтижесі бар жұмысқа көрсетілген қошемет» деп, Сағат Ұлтаракұлының қайта сайлануын көппен бірге құттықтап, сәттіліктер тіледі. Конференциядағы күн тәртібіндегі мәселелер де мәнімен өтті.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы.

Қаскелең қаласы.

● ЕСЕП БЕРУ- САЙЛАУ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ!

Жоғары деңгейде өтті

Осы уақытқа дейін Ұйғыр ауданының барлық округтерінде есеп беру – сайлау жиындары өтіп, оның жалғасы 2026 жылдың 06 ақпан күні Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының кезекті ІХ конференциясына жалғасты.

Конференция жұмысына аудан әкімі Б.Елеусізова, аудандық маслихаттың төрағасы Н.Есжан,

дық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтов жүргізіп отырды. Күн тәртібіне Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Е.Нұрсейтовтың кезекті есеп беру-сайлау аралығындағы атқарған жұмысы туралы, аудандық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының есебі, аудандық ардагерлер ұйымының жаңа құрамын, пленум мүшелерін және аудандық ардагерлер ұйымының президиум мүшелерін

герлер ұйымы өз жұмысын «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің жарғысы мен Алматы облысының Ардагерлер ұйымының іс - жоспарын басшылыққа алып жұмыс жүргізіп келеді,-деді өз сөзінде.- Ардагерлер ұйымы аудан әкімшілігі мен оның ішкі саясат бөлімі, аудандық оқу бөлімі, білім, денсаулық сақтау, аудандық қорғаныс істері, ішкі істер, әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері және басқа да қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыста болып, жұмыс жүргізуде. Аудандық ардагерлер ұйымының мүшелері ауданда өтетін және өтіп жатқан барлық кездесулер мен іс-шараларға қатынасып, белсенділік көрсетуде. Ардагерлер ұйымының жанынан құрылған «Асыл ана» және «Алатау жастары» қоғамдық ұйымдарымен бірге барлық округтерде есеп беру - сайлау жиналыстары өткізілді.

Облыстық ардагерлер ұйымы әр аудандағы ардагерлер ұйымының жұмысын жандандыру мақсатында көшпелі отырыстар өткізуді жоспарлаған. Сондай көшпелі отырыстардың бірі 2025 жылдың маусым айында ауданымыздағы аудан әкімшілігі мен бөлімдерінің және Қырғызсай ауылдық округі әкімшілігінің көмегімен табиғат аясында өтіп, облысымыздың әр ауданынан келген шараға қатысушылар жылы лебіздерін білдіріп, рахметтерін айтып кетті.

Бытырғы, 2025 жылы «Белсенді ұзақ өмір орталығының» аудандық филиалының ашылуы қарияларымыздың белсенділігінің артуына, денсаулықтарының түрлі жаттығулар мен спорттың басқа



да түрлері және ой еңбектерінің арқасында жақсаруына көмегін тигізуде. Бүгінде ол жердің қызметін қариялар тұрақты көруде. Бұл ұжым «Алатау ардагері газетіне 2026 жылға өздерінде жұмыс істеп жүрген 15 адамды толықтай жаздыруды қамтамасыз етті.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсынылған кандидаттар делегаттардың бірауыздан қолдауымен сайланып, мақұлданды. Жарыссөзде Т.Тохтаунов, Н.Абрамов, Қ.Бекмұханбетов, К.Қожағұл қатысып, аудандық ардагерлер ұйымының және тексеру комиссиясының жұмысына оң бағаларын беріп, алдағы уақытта да бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Аудан әкімі Елеусізова Б.С. ардагерлердің ауданның әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі орны ерекше екендігін атап өтіп, алдағы уақытта да атқарушы билік тарапынан қолдау жалғаса беретінін айтып өтті. Сонымен бірге аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқтала отырып, алдағы уақытта елімізде

атқарылатын жұмыстарда ардагерлердің көмектеріне зәру екендігін жеткізді. Конференция барысында Алматы облыстық ардагерлер ұйымының «Алғыс хаты» «Асыл ана» қоғамдық ұйымының төрағасының орынбасары Абдуллаева Мунираға табысталды. Сондай - ақ елімізде Тәуелсіздік күні қарсаңында өткізілген жобаға қатысқан Қожағұл Кәрібайға «Құрметті ардагер» атағы беріліп, диплом мен төсбелгі куәлігі табысталды.

Көпшіліктің бірауыздан дауыс беруінің нәтижесінде Ұйғыр аудандық ардагерлер ұйымының төрағалығына Ербол Нұрсейтов, төрағаның орынбасары болып Болат Қоқымдиев сайланды.

Бүгінгі конференция өте жоғары деңгейде өтті. Келесі сайланған алқа мүшелері өз жұмысын жандандыруға атсалысады деген ойдамын.

Рая САРТОЛОВА,
Ұйғыр ауданының
Құрметті азаматы.



аудандық АМАНАТ партиясының жетекшісі Н.Болатұлы, аудан әкімшілігі бөлімдерінің жетекшілері, ауылдық округ әкімдері, бастауыш ардагерлер және цех ұйымдарының төрағалары, аудандық «Асыл ана», «Алатау жастары» ұйымдарының төрағалары, аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері мен арнайы шақырылған ұжым басшылары мен белсенді зейнеткерлер қатысты.

Конференция жұмысын аудан-

сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және Алматы облыстық ардагерлер ұйымының конференциясына делегаттар сайлау секілді мәселелер ұсынылды.

Бірінші болып сөз алған «Ардагерлер ұйымы» Ұйғыр аудандық филиалының төрағасы Е.Нұрсейтов: - Құрамында 40-қа жуық адамнан тұратын аудандық арда-

Жуырда Райымбек ауданында ардагерлер ұйымының кезекті ІХ конференциясы өтті. Конференция жұмысына аудан әкімі аппаратының басшысы Г.Кенебаева, мемлекеттік мекеме басшылары, ауылдық округ әкімдері, аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы А.Қаптағасев, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Асыл ана», «Алатау жастары» қоғамдық ұйымдарының төрағалары мен мүшелері, сондай-ақ аудандық ардагерлер ұйымының алқа мүшелері қатысты.

Аудандағы жиын



Конференция жұмысын аудан әкімі аппаратының басшысы Г.Кенебаева жүргізді.

Күн тәртібінде Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Бекболат Бірбаевтың есеп беру-сайлау кезеңінде атқарған жұмысы туралы есебі тыңдалды.

Сол сияқты аудандық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының есебі, аудандық ардагерлер ұйымының жаңа құрамын, яғни пленум мүшелерін сайлау, аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, аудандық ардагерлер ұйымы тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау және Алматы облыстық ардагерлер ұйымының конференци-

ясына делегаттар сайлау мәселелері қаралды.

Күн тәртібіндегі мәселелер жан-жақты талқыланып, ұсынылған кандидаттар делегаттардың бірауыздан қолдауымен мақұлданды. Нәтижесінде Б.Бірбаев Райымбек аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы болып қайта сайланды.

Жарыссөз барысында аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы А.Қаптағасев, Қақпақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы Ә. Мәретбаев сөз сөйлеп, аудандық ардагерлер ұйымының атқарып отырған жұмысына оң баға берді.

Сонымен қатар, Райымбек аудандық «Әбдіғали Жетенұлы» мешітінің наиб имамы Ә.Көпірәлі сөз алып, Райымбек аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Б. Бірбаевтың бастамасымен аудан аумағындағы мешіттерді 300 тонна көмірмен қамтамасыз еткенін атап өтіп, көрсетілген қолдау үшін өз алғысын білдірді.

Аудан басшысы ардагерлер ұйымына жетекшілік жасап, өзінің сүбелі үлесін қосқан Б. Бірбаевқа алғысын білдіріп, жаңадан сайланған ұйым басшыларына сәттілік тіледі.

Өз тілшімізден.
Райымбек ауданы.



Қанағаттанарлық деген баға берілді



Бұл күндері облысымыздың барлық аудандарында аудандық, қалалық ардагерлер ұйымдарының есеп беру-сайлау конференциялары өтіп жатқаны анық. Сондай жиынның бірі таяуда Талғар ауданындағы әкімдік ғимаратының кіші залында да болып өтті.

Конференцияға Алматы облысы Ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Сүгіров Илияс Сейітбекұлы, Талғар ауданының әкімі Таңат Есенгелдіұлы Айдарбеков, Талғар ауданы әкімінің маслихат төрағасы Алибеков Мұхит Бейсенбекұлы, Талғар ауданы Ішкі саясат бөлімінің басшысы Мүбәракова Меруерт Николаевна және округ ардагерлер ұйымынан сайланған 60 делегат, ардагерлер ұйымының төрағалары, «Асыл Ана» қоғамдық бірлестігінің төрайымы А.Ж. Айтұғанова, «Алатау» жастар қоғамдық бірлестігі мүшелері қатысты.

Конференция жұмысына аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Бекбосынов Матан Рахымбергенұлы өзі төрағалық етіп, жүргізіп отырды.

Күн тәртібінде Талғар ауданының ардагерлер ұйымының төрағасы Бекбосынов Матан Рахымбергенұлы есептік ба-

яндамасын тыңдау, тексеру комиссиясының есебі, ардагерлер ұйымына пленум құрамын сайлау, президиум мүшелерін сайлау, ардагерлер ұйымының төрағасы мен орынбасарын сайлау, тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау, сонымен қатар Алматы облысы ардагерлер ұйымы-



ның конференциясына делегаттар сайлау секілді мәселелер қаралды.

Күн тәртібіндегі барлық мәселелер түгел қаралып, жан-жақты талқыланып, ұсынылған кандидатқа конференцияға қатысушы делегаттардан бір делегат қарсы, бір делегат қалып қалып, дауыс берді.

Конференцияда жарыссөзге шыққан ардагерлер мен делегаттар аудандық ардагерлер ұйымы-

ның жұмысына қанағаттанарлық деген баға берді.

Конференцияда сөз алған Алматы облысы ардагерлер ұйымы төрағасының орынбасары Илияс Сейітбекұлы ардагерлер ұйымының қоғамдағы орнын, алдағы міндеттерді баяндай келе Талғар ауданы ардагерлер ұйымының төрағалығына лайықты кандидат етіп Бекбосынов Матан Рахымбергенұлын ұсынып, оған мінездеме берді.

Содан кейін сөз алған Талғар ауданының маслихат төрағасы Алибеков Мұхит Бейсенбекұлы ардагерлердің ауданның әлеуметтік-қоғамдық өміріндегі орны ерекше екендігін атап өтті.

Конференция делегаттары, ардагерлер мен қонақтар ұсы-

нылған кандидатты көпшілік дауыспен Талғар ауданының ардагерлер ұйымының төрағалығына сайлады. Төрағаның орынбасарлығына «Асыл ана» ҚБ төрайымы Айтұғанова А.Ж және Көлбаев Б.Қ сайланды.

Ардагерлердің өткізген кезекті конференциясы ұйымдасқан түрде өз деңгейінде өтті деген баға берілді.

Өз тілшімізден.
Талғар ауданы.

КӘСІПТІК ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҒЫ

КОМЕДЖ ҰЖЫМЫНЫҢ ЖАҚСЫ ІСТЕРІ

Шелек политехникалық колледжінің құрылғанына биыл -2026 жылы 70 жыл толғалы отыр. Бұл аз мерзім емес, осы жылдар ішінде көптеген игі істер атқарылды. Ауылшаруашылығы өндірісіне қажетті жүздеген жұмысшы мамандарын дайындап шығарды. Олардың қатарында жемісті еңбегімен абыройға ие болып, мемлекеттік марапаттарға ие болғандар да, оқуын жалғастырып, жоғары білім алып, өндірістің білгір басшысы, білікті маманы болып ел құрметіне бөлінгендер де көптеп саналады. Олардың қатарында кешегі осы оқу орнын бітірген, бүгінгі колледж директоры болып қызмет атқарып отырған Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің құрметті қызметкері Қуат Құрманғалиұлы да бар.

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін кешегі кәсіптік техникалық училище арнаулы орта білім, сапалы кәсіптік жұмысшы мамандығын беретін колледждердің қатарына қосылды. Әсіресе, соңғы 4-5 жылдың ішінде мемлекетіміздің жастарға деген қамқорлығының арқасында колледж ғимараттары күрделі жөндеуден өткізілді. Оқу орнының бет бейнесі мүлде өзгерді. Сәулетті ақшаңқан ғимараттар, жаңа технологиямен жабдықталған, компьютерлі сыныптар онда оқитын студенттерге қуаныш сыйлауда. Материалдық техникалық базасы анағұрлым нығайды, көз көріп, құлақ естімеген заманауи құрал жабдықтармен қамтама-

өз саласы бойынша облыстық, республикалық байқауларға қатысып, колледждың мәртебесін көтеріп, өз үлестерін қосты. Мәселен, колледж студенттері Марсов Бейбарыс «WORDSKILLS-2025» аймақтық чемпионатында «Шанақ жұмыстары» бойынша III дәрежелі диплом, Құдайбердиев Рәсул «Графикалық дизайн» бойынша III дәрежелі диплом, Бугаев Олег Леонидович «Дәнекерлеу технологиясы» бойынша I дәрежелі, ал Турдыбек Ерен «Электромонтаждық жұмыстар» бойынша өткен байқауда II дәрежелі дипломмен марапатталды. Колледж өндірістік оқыту шеберлері арасында энергетика саласында өткен республикалық конкурстан Нұрмұ-



атқарылды. Колледждің директоры Қуат Құрманғалиұлы Астана, Алматы қаласы мен Еңбекшіқазақ ауданының аумағына орналасқан 40-қа жуық өндірістік кәсіпорындармен, мекеме басшыларымен кездесіп, өзара меморандумға қол қойды. Студенттердің өндірістік тәжірибеден өтіп, шеберлігін жетілдіріп, жұмыс жағдайын қолма-қол көруіне бар мүмкіндік жасады. Айталық, Шелек өңірінде «Жетісу Вольфрам» ЖШС кең орны ашылып, қазба жұмыстары басталғаны белгілі. Аталған өндірістік кәсіпорынмен өзара келісімге қол жеткізгеннен кейін колледж студенттері мұғалімдермен бірге Бұғытыға барып, жұмыс процестерімен толық танысып шықты. Қандай мамандықтар бойынша сұраныстың жоғары екенін саралады. Сол сияқты осында пайдаланылып жатқан жеңіл техника, ауыр машиналарды көзбен көріп, руліне отырып, оны жүргізудің әдіс-тәсілдерін үйренді. Қазірдің өзінде аталған кәсіпорын басшылығы бірсыпыра жоғары курс студенттерін жұмысқа қабылдап, олардың бойына сенім күшін ұялатты. Осылайша олардың оқу мен практиканы ұштастыруына кең жол ашты. «Талапты ерге нұр жауар» демекші, аталған студенттер де өз кәсібін жақсы меңгерген, әрі жоғары жалақы алатын таңдаулы жұмысшылардың қатарына қосылатына күмәнсіз.

яларымен танысып қайтты. «Жетісу Вольфрам» ЖШС-не 2025 жылы кәсіпорынның тапсырысы бойынша колледж 82 жұмысшы мамандарын дайындады. Біздің кәсіпорындар арасындағы меморандум шарттарына сәйкес өткен жылдардағы 27 түлекті «Жетісу Вольфрам» ЖШС-де жұмысқа орналастыруға қол жеткізілді.

Колледж директоры Дүйсебаев Қуат Құрманғалиұлы осы басшылық қызметіне келгені үнемі ізденіп жұмысты жандандыру жөнінде білімін, тәжірибесін, ұйымдастырушы қабілетін жұмсап келеді. Өйткені ізденбесең, байланысты күшейтпесең табыстың өздігінен келе қоймайтынын біледі. Сол себепті, республика көлемінде өзі басқарған колледжде пайда келтіретін үлкен жиындардан, семинарлардан қалмайды. Мәселен, өткен жылы Астана қаласында «Жұмысшы мамандықтар қаласы» атты үлкен алаң ашылды. Қуат Құрманғалиұлы да осы алаңға келіп ТОО «Hundai Trans Kazakhstan ҚАО Қазақстанның автоөнеркәсіп ұйымымен, сол сияқты Сәкен Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық университетімен меморандумға қол қойылды. Автоөнеркәсіп ұйымымен студенттерді өндірістік тәжірибеден өткізу, ал университет басшылығымен өз түлектерінің ары қарай жоғары білім алу жөнінде келісімге келуі- шалғайда жатқан колледж үшін үлкен жетістік демексе болмайды. Осымен қатар Алматы облысы әкімінің орынбасары Р.Исатаевтың бекіткен кестесі негізінде Еңбекшіқазақ ауданының Мансап орталығымен де ашық есік күнін өткізді. Жастардан еңбек нарығындағы сұранысқа ие мамандықтар бойынша білікті кадрлар даярлауды негізгі мақсат ретінде алдыға қойылды. Мансап орталығымен өзара жасалған жоспар да ретімен орындалып жатыр. Ұжым мүшелері де жастарды жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы оқуға тартуға жатпай -тұрмай на-

сихат жұмысын жүргізіп келеді. Осының нәтижесінде колледж бойынша оқып жатқан студенттердің саны өткен жылы 500-ден асты. Олардың оқып білім алуына жақсы жақтан өндірістік база бар. Жайлы жатақхана және асханамен толық қамтамасыз етілген. Алатын тәп-тәуір стипендиялары да бар. «Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашан да құрметті, сыйлы. Бұл Президентіміздің өз Жолдауында ұсынған «Адал азамат- Адал еңбек- Адал табыс» қағидатына толық сай келеді. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын да, адамның мәртебесін де көтереді. Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек қадірлі» делінген жолдауда. Колледж ұжымы бүгінгі күні студенттерге жеті түрлі мамандық бойынша білім беруде. Әсіресе, жоғары сұранысқа ие техникалық мамандықтарға ерекше көңіл бөлінеді. Болашақта агроөнеркәсіп саласы бойынша мамандар дайындауда жоспарға енгізілген.

Колледж басшылығының жылдық қорытындылау есебінің беретін күні Қонаев қаласынан Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Қуат Байғожаев пен облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрымбетовтың осы ұжымның мүшелерімен кездесуге келуімен тұспа- тұс келді. Осы күні есеу беруден бөлек оқу орнында бірсыпыра мәдени -көпшілік шаралардың өткізуі де жоспарланған екен. «Жақсы қонақ келсе қой егізден табады» дегендей, сыйлы қонақтардың колледжде келуін студенттер мен мұғалімдер де қуанышпен қарсы алды. Кең залда кездесу аяқталып біткен соң колледж директоры сөз бастады:

«Құрметті ағалар, біздің колледжімізге келіп ұжым мүшелерімен кездесіп оларды құттықандарыңызға мың да бір рахметімді айтамын. Бүгін біз жаңадан жабдықталған конференц залымызды ашуға аулымыздың ардагерлерін шақырып отыр едік, енді соның лентасын қиып берсеңіздер» деп өтінішін білдірді. Қуат Байғожаев, Ерболат Тұрымбетов, Алматы облысының құрметті азаматы Елеусіз Султанғазиев, ардагер алқасының төрағасы Әбілбек Айтқынов бастаған ардагерлер жаңа конференц залдың лентасын қиып колледж ұжымына табыс тіледі, ақ баталарын берді. Кездесу соны колледж өнерпаздарының концертіне ұласты.

Әбілбек АЙТАҚЫНОВ,
Алматы облысының
Құрметті ардагері.



сыз етілді. Жаңа мамандықтар оқу бағдарламасына енгізіліп оқытыла бастады. Ұстаздардың, өндірістік оқыту шеберлерінің көпшілігі арнаулы білім көтеру орталықтарында білім мен практиканы ұштастырып, өз шеберліктерін көтерді. Осының нәтижесінде 2025 жылы «Облыстық кәсіптік білім беретін мекеме» деген атаумен өткізілген конкурста қатысып, Шелек политехникалық колледжі жүлделі III орын жеңіп алды. Алматы облысы әкімінің ақшалай сертификатына және дипломына ие болды. Осылай ұжымның тынымсыз жүйелі жұмысы жоғары бағаланды. Ұстаздар мен өндірістік оқу шеберлерінің де еңбегі ескерусіз қалмады. Олар да

хан Нұржан Советжанұлы «Үздік маман» номинациясында, «Дәнекерлеу саласындағы тәжірибелі шебер» номинациясында Жақып Баба Сәкенұлы жеңімпаздар деп танылды. Нұржан Советұлына осыған қоса «Жыл үздігі- жас кәсіптік маман 2025» деген атағы қоса берілді. Мұндай жетістік үнемі ізденіп, білімді көтеріп, шеберлікті жетілдіріп отырудың жемісі екені айқын. 2025 жылды ҚР Президенті «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялап, жастарымыздың жұмысшы мамандықтарын меңгеріп, өндірістің нағыз маманына, лайықты қожасы болуына кең жол ашты. Осы бағытта колледжде де жүйелі және мақсатты жұмыстар

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Медициналық тексеру: талаптар және бақылаудың маңызы!

Қоғам денсаулығын сақтауда медициналық тексерудің орны ерекше. Уақытылы жүргізілген тексеру аурулардың алдын алып қана қоймай, олардың ерте кезеңде анықталуына мүмкіндік береді. Сондықтан медициналық тексеруге қойылатын талаптар мен оны бақылау жүйесі әрдайым назарда болуы тиіс.

Медициналық тексеру – бұл адамның денсаулық жағдайын бағалауға бағытталған жоспарлы және жүйелі шаралар жиынтығы. Ол профилактикалық тексерулерді, міндетті медициналық қарап-тексеруді, сондай-ақ кәсіби қызметке байланысты тексерулерді қамтиды. Әсіресе балалар, жүкті әйелдер, қарт адамдар және қауіпті өндірісте жұмыс істейтін қызметкерлер үшін медициналық тексеру міндетті болып табылады.

Медициналық тексеруге қойылатын негізгі талаптардың бірі – оның сапалы және уақтылы жүргізілуі. Тексеру белгіленген стандарттар мен клиникалық хаттамаларға сәйкес өткізілуі керек. Сонымен қатар медициналық құрал-жабдықтардың жарамдылығы, зертханалық талдаулардың дәлдігі және медициналық қызметкерлердің біліктілігі маңызды рөл атқарады.

Бақылау жүйесі медициналық тексерудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Ол тексеру нәтижелерін тіркеу, деректерді талдау және науқастың әрі қарайғы бақылауын қамтиды. Бақылау арқылы созылмалы аурулары бар адамдардың жағдайы қадағаланып, асқынулардың алдын алу шаралары жүргізіледі. Сондай-ақ бұл жүйе медициналық мекемелердің жауапкершілігін арттырады.

Медициналық тексеру талаптарын сақтау және тиімді бақылау жүргізу – халық денсаулығын нығайтудың негізгі тетіктерінің бірі. Әрбір азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, медициналық тексеруден уақтылы өтіп отыруы тиіс. Бұл – салауатты қоғам құрудың маңызды қадамы.

Скарлатина деген қандай ауру?

Скарлатина – жұқпалы, жедел өтетін аурулардың бірі. Ол көбінесе мектеп жасына дейінгі және бастауыш сыныптағы балалар арасында жиі кездеседі, алайда ересек адамдар да бұл аурумен ауыруы мүмкін. Скарлатина дер кезінде анықталып, дұрыс емделмеген жағдайда ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін, сондықтан бұл ауру туралы толық мәлімет білу және оның алдын алу шараларын сақтау өте маңызды. Скарлатинаның қоздырғышы – А тобына жататын бета-гемолитикалық стрептококк бактериясы. Бұл микроағза адам ағзасына түскеннен кейін улы заттар (токсиндер) бөліп шығарады, сол токсиндер аурудың негізгі белгілерін туындатады.

Аурудың негізгі жұғу жолы – ауа-тамшылы жол. Яғни, науқас адам жөтелгенде, түшкіргенде немесе сөйлескенде бактериялар ауа арқылы сау адамға беріледі. Сонымен қатар: тұрмыстық заттар (ыдыс-аяқ, ойыншықтар, сүлгі); лас қол арқылы; науқаспен тығыз қарым-қатынас кезінде жұғуы мүмкін. Скарлатинаға тән белгілер мыналар: 38–40°C дейін дене қызуының көтерілуі; тамақтың қызарып, бадамша бездердің қабынуы; жұтынудың ауырсынуы; бас ауруы, жүрек айну; бет пен денедегі қызыл ұсақ бөртпелер; тілдің ашық қызыл түске боялуы («таңқурай тілі»); мойын лимфа түйіндерінің ұлғаюы. Скарлатина дұрыс емделмесе немесе емдеу толық жүргізілмесе, қауіпті асқынулар тудыруы мүмкін. Оларға:

жүрек аурулары (ревматизм); бүйрек қабынуы (гломерулонефрит); ортаңғы құлақтың қабынуы; өкпе аурулары; буындардың зақымдануы жатады. Қазіргі уақытта скарлатинаға қарсы арнайы вакцина жоқ, сондықтан алдын алу шаралары өте маңызды. Негізгі алдын алу жолдары: жеке бас гигиенасын қатаң сақтау; қолды сабынмен жиі жуу; науқас адамды уақытша оқшаулау; бөлмені күнделікті желдетіп, ылғалды тазалау жүргізу; жеке ыдыс-аяқ пен тұрмыстық заттарды пайдалану; иммунитетті нығайту (дұрыс тамақтану, дәрумендер, спорт); балалардың денсаулығын үнемі бақылауда ұстау. Скарлатина емдеу тек дәрігердің бақылауымен жүргізіледі. Көбінесе антибиотиктер тағайындалады, олар бактерияны жоюға көмектеседі. Сонымен қатар: төсек режимін сақтау; мол сұйықтық ішу; жеңіл, дәруменге бай тағам тұтыну; дәрігер жазып берген дәрілерді толық қабылдау қажет. Скарлатина – елеусіз қалдыруға болмайтын қауіпті жұқпалы ауру. Аурудың алдын алу үшін санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау, иммунитетті күшейту және дер кезінде медициналық көмекке жүгіну қажет. Денсаулық – әр адамның ең басты байлығы, оны қорғау өз қолымызда.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы»

<p>АЛАТАУ Ардагері</p> <p>Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады</p> <p>ҚҰРЫЛТАЙШЫ: «Ардагер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Алматы облыстық филиалы Директор: Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ</p>	<p>БАС РЕДАКТОР: Роза Айдарбекова Тел.: 8 777 251 9310</p> <p>ТІЛШІЛЕР: Алтынбай Сиқымбек Тел.: 8 705 965 3661</p> <p>Рамазан Елешев Тел.: 8 747 706 1334</p>	<p>Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.</p> <p>«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.</p> <p>Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады</p> <p>Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.</p>	<p>Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.</p> <p>Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.</p> <p>МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1. «Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 8500 Тапсырыс №311 Индексі – 65472.</p>
--	---	--	--